

**Ақшонтаев.Б.А.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Дене мәдениеті және спорт факультеті, ДШЖС-31 тобының студенті  
(Ғылыми жетекші — пед.ғылым.магистрі, аға оқытушы Аbugалиев Б.Н.)

## ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТТАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘНІ

Дене мәдениеті ілімі мен әдістемесі мамандырылған жоғары оқу орындарында салалық ғылыми және оқу пәні болып табылады. Оны оқып үйренудегі терең ілімдік және әдістемелік дайындық болашақ дене тәрбиесі мен спорт саласы мамандарының өте жақсы деңгейде қалыптасуына жағдай туғызады. Дене мәдениеті жалпы қоғам мәдениетінің бір бөлігі. Ол адамзаттың тарихи даму барысында қолы жеткен барлық жетістіктермен адам баласының ойлап тапқан алдыңғы қатарлы құрал тәсілдерін, әдістерін, тиімді пайдаланып, соның нәтижесінде адамды жан-жақты дамытып, жетілдіру бағытында жағдай жасауы [1,2].

«Дене мәдениеті» көптеген бөліктерден тұратыны белгілі. Соның ішінде «дене тәрбиесі» «дененің реобелитациясы» (дененің жоғалған қызметін қалыпқа келтіру) «дененің рекреациясы» (сабақ немесе жұмыс арасындағы пайдалы үзіліс). Кейінгі екеуі өз алдына жеке сала болып дене тәрбиесіне салалық көмегін тигізетіндігі баршаға мәлім. Ал дене тәрбиесінің бастапқы ұғымдарына келетін болсақ, оның басқа пәндердей өзіне тән заңдылықтары және жеке дара даму сатысы бар. Аталған пән білім беріп, жалпы тәрбие жұмысын іске асыратын құрама құралдары ретінде қаралады. Дене тәрбиесі өз алдына жеке ғылыми және оқулық пән болған соң өзіне тән ұғымдарыда болады. Ол ұғымдар аталған пәннің мазмұнына жан-жақты анықтама беріп, кейінгі сөйлемдерді қысқаша сөзбен тұжырымдайды.

Атап айтқанда ол ұғымдар: «Дене тәрбиесі», «Дене мәдениеті», «Дене тәрбиесінің жүйесі», «Дененің дамуы», «Дененің жетілуі», «Дене тәрбиесінің жаттығулары», «Спорт», тағы басқалары. Осы аталған арнаулы ұғымдарды толық меңгеру үшін оның жалпы мінездемесін, сипатын, ғылыми салада және кәсіптік жұмыста қалыптасқан сөздердің негізіне үнілуімізді қажет етеді. Осы тұрғыда «дене мәдениеті» жалпы мәдениет ұғымының түсінігінен басталады.

Бұл ұғым қоғамдағы білім беру, ғылым мен әдебиетті, техникалық дамудағы жетістіктерді, барлық мекемелердің алдыңғы қатарлы құрал – тәсілдерін тиімді пайдаланып, соның нәтижесінде адамды жан-жақты дамыту. Сонымен «Дене мәдениеті» дегеніміз қоғамдағы адамдардың дене сапасының жан-жақты дайындығымен, өмірде әртүрлі жағдайда еңбек ету бағытында жасалатын күрделі жұмыстың бір түрі.

Енді осы терминдермен сөзтіркестерін талдап қарайтын болсақ, дене тәрбиесі-ұғымы жалпы тәрбиелеу, білім беру мәселелерін шешіп, өзін-өзі тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыратындығы жоғарыда айтылды. Дене тәрбиесінің ерекше белгілері былай тұжырымдалады: дағдылы қимыл-қозғалыстардың қалыптасуы мен бұлшық ет сапаларының дамуы.

Адамды дене тәрбиесімен тәрбиелеуде негізгі жұмыс үш бағытқа бөлінеді: жалпы дене дайындығы, спорттық дайындық және кәсіптік-қолданбалы дайындық. Осы аталған бөліктердегі қолданылатын терминдік сөздерге, ұғымдарға келетін болсақ: мектептердегі, колледждерде дене мәдениетінің жұмыстарының ішіндегі дене тәрбиесі сабағы. Бірақ осы ұғымның орнына «дене шынықтыру» деген сөз қолданылады. Және оның дұрыс емес екендігіне жоғары, орта оқу орындарының қызметкерлері, тіпті мемлекеттік басылымдарда да мән берілмей осы «шынықтыру» сөзі кеңінен қолданылады. Кәзіргі дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесі басқа ұлттардың іс-тәжірбиесінен (әсіресе орыс тілінен) алынып мемлекеттік тілде іске асырылуда. Бірақ, кейбір терминдік сөздер аударма түрде өзінің мағынасын өзгертіп басқа мазмұнда қолданыс тапқан.

Атап айтқанда: «дене тәрбиесі сабағын» «дене шынықтыру сабағы» делінеді. Орыс тілінде «физическое воспитание» болса, біз оның аудармасын «дене шынықтыру» яғни орыс тіліндегі «закаливание» деген ұғымды беретін сөзбен аудармыз. Бұл екі ұғымның яғни дене

тәрбиесі мен дене шынықтыруды іске асыру құралдары екі бөлек. Бірінші жағдайдың құралы дене жаттығулары болса, екінші жағдайда табиғаттың сыртқы күштерінің әсері яғни салқын су, қар, ыстық бу, күн сәулесі тағыда басқалары. Сондықтан, мектептегі сабақтар «дене тәрбиесі» сабағы деп аталуы тиіс. Көптеген басылымдарда «физическое развитие» деген термин тікелей «физикалық даму» түрінде жарық көріп жүр, бұл аударма біздің ойымызша дұрыс емес. Себебі, «физикалық» деген сөз бір заттың «развитие», «дамуы» дегенді білдіреді, ал дамытатын зат дене, сондықтан бұл термин «дененің дамуы» деуге болады. Сол сияқты «физическое совершенство» «дененің жетілгендігі» деп аталса, «физическое качество», «физикалық сапа емес», «дененің сапалық қасиеттері» немесе «дененің қозғалыс қасиеттері» деп айтуға болады, себебі қозғалыс (сапалық) қасиеттері жылдамдық, күш, төзімділік, иілгіштік, ептілік туа біткен дене сапалары.

Термин сөздер яғни сөз тіркестер мен ұғымдар жалпылама түрде, ел аузынан қалыптасып қалған күйде қолданысын табуда. Егерде біреу таңғы жүгіріспен жүгіріп жүрсе, анау «спортшы» екен деп өз қорытындысын шығара салады. Шындығында оның жүгірісі спортқа еш қатысы болмағандығында (егер спорттың бір түрімен шұғылданбаса) ол әрі кетсе сауықтыру жүгірісімен шұғылданған әуесқой адам, бүгін жүгіреді, ертең үйінде демалып жатады. Осындай көптеген қолданыстағы сөздер оның мағнасына үнілмей-ақ жеңілдетілген түрде қалыптасып үйреншікті сөз ұғымдарына айналып кеткен. Көш жүре түзеледі дегендей Мемлекетіміздің өз алдына егемендік алып өнеркәсібіміз, ғылым мен техниканың қарқынды даму қадамынан қалыс қалмай дене мәдениеті саласында қолданылатын ұғымдар мен сөз тіркестерге көңіл бөлініп, бір ортақ мәмлеге келетіндей уақыт болған сияқты [3].

Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесін игеруде берілетін тапсырмаларды анық түсінікті болуы, студент жастардың кешенді білім алуының кепілі екендігі даусыз мәселе. Осы мәселені қорыта келгенде:

1. Қазіргі уақыттағы терминдермен сөзтіркестерді орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда кейбір басты термин сөздер көбінесе қате аударылып, өзінің негізін, логикасын, қолдану орнын бұзып, тек қана оқырмандарды адастыруға әкеліп отыр.

2. Тұрпайы қателіктер көптеген мемлекеттік құжаттарда, оқу-әстемелік еңбектерде басылуы, дене мәдениеті мен спорт саласындағы мамандардың білім деңгейіндегі қате түсініктерді қалыптастырады.

3. 2000 жылғы дене тәрбиесі және спорт туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің тапсырысы бойынша, салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер бас редакциясы шығарған, № 31 қазақша - орысша және орысша – қазақша 5000-нан астам терминдерді, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен еңбектің қолданыста еленбеуі, терминология саласында көптеген қателіктерді жіберудің көздері болып отыр.

4. Әр саланың білікті мамандарынан құралған авторлар ұжымы дайындап, Республика Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен бұл салалық терминологиялық сөздіктер мемлекеттік тілді кемелдендіруге нақты үлес болып қосылады деген үміттеміз.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт» Заңы (1999).
2. Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуының «Қазақстан-2050» мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қазақша - орысша және орысша – қазақша терминологиялық сөздік. Алматы 2000 жыл